

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 17 тамыз 1992 ж. N 683. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.09.17. N 1347 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің жерге орналастыру қызметі республикалық бюджет есебінен жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері:

а) мемлекеттік жер кадастрын жетілдіру және халық депутаттары Кеңестерін, жергілікті әкімшіліктерді, мүдделі кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдар мен азаматтарды жердің хұқылық режимі, оларды категориялары, жарамдылығы бойынша, жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға бөлу, жердің сапалық сипаттамасы және халық шаруашылығы үшін құндылығы туралы мәліметтермен және құжаттармен қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асырсын ;

б) жер қорының жай-күйіндегі, оларға баға берудегі өзгерістерді дер кезінде анықтау, келеңсіз процестер салдарының алдын алу және оны жою үшін жер мониторингін жүргізуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Материалдық ресурстар министрлігі Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің жерге орналастыру қызметінің мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізу, сондай-ақ жер мониторингінің кадастрлық құжаттамасы мен материалдарын басып шығару үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарға деген жыл сайынғы қажеттерін мемлекет мұқтажы құрамында белгіленген тәртіппен ескеретін б о л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің қатысуымен 1992 жылғы 1 қазанға дейін кадастрлық құжаттамаға кіретін деректер құрамын, сондай-ақ республика аймақтары бойынша жер мониторингін жүйелі түрде анықтауға жататын жер қоры жай-күйі сипаттамасының тізбесін және олардың көрінісі формаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің және Бас мемлекеттік салық инспекциясының келісімімен бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, басқа да мүдделі мемлекеттік басқару органдарының қатысуымен 1992 жылы:

мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, пайдалануға жарамды жерлерді тақырыптық картаға түсіру, жерге экономикалық баға беру, топырақ, геоботаникалық және басқа тексеру мен іздестіру, иеленуге, пайдалануға және жалға берілген жерлерді мемлекеттік тіркеу жөнінде қолданылып жүрген нұсқаулар мен әдістеме мен қауіпсіздік шараларды жер-кадастр құжаттамасына енгізілетін деректер құрамына сәйкес келтірсін;

жер мониторингін жүргізу жөніндегі нұсқама-әдістеме құжатты әзірлесін.

6. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, республиканың мүдделі министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары:

мемлекеттік жер кадастрына енгізілетін деректердің сенімділігін жүйелі және дер кезінде анықтау, жаңарту және арттыру үшін пайдалануға болатын жерді қажетті көлемге дейін картаға түсіру, топырақ, геоботаникалық және басқа тексеру мен іздестіру жүргізу жөніндегі жұмыстың дамытылуын қамтамасыз етсін;

жер учаскелерінің иеленуге, пайдалануға және жалға берілгені үшін төлем мөлшерін белгілеуге қажетті жерге баға беру материалдарын жүйелі жаңартып отырды ұйымдастырсын;

республика аймақтары бойынша жоспарлы-картографиялық материалдардың жаңартылуы мен нақтылануының, топырақ, геоботаникалық және басқа тексеру мен іздестірудің, сондай-ақ жерге баға беру деректерінің кезеңдік мерзімін белгілесін;

халық депутаттары ауылдық, селолық және поселкелік Кеңестерін тиісті материалдармен қамтамасыз ету мақсатында селолық елді мекендер мен поселкелерде 1992-1995 жылдары қажетті картографиялық және басқа жұмыстар

жүргізуді

ұйымдастырсын.

7. "СССР Министрлер Советінің "Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу тәртібі туралы" 1977 жылғы 10 маусымдағы N 501 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 18 шілдедегі N 346 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 17 тамыздағы
N 683 қаулысымен
Бекітілді

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер
кадастрын және жер мониторингін
жүргізу тәртібі туралы
Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастры және жер мониторингі Қазақстан Республикасы Жер кодексіне 179-183 баптарына сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік жер кадастры жердің хұқылық режимі, оларды жарамдылығына қарай жер иеленушілерге, жер пайдаланушыларға, жер категорияларына бөлу жөніндегі, жердің сапалық сипаттамасы және халық шаруашылығы үшін құндылығы туралы қажетті мәліметтер мен құжаттар жүйесінен тұрады.

Жер мониторингі дегеніміз жердегі болып жатқан өзгерістерді, оларға баға беруді дер кезінде анықтау, келеңсіз процестер салдарының алдын алу және оны жою үшін жер қорының жай-күйін бақылау жүйесі болып табылады.

2. Мемлекеттік жер кадастры және жер мониторингі республика үшін бірыңғай жүйемен жүргізіледі және топографиялық-геодезиялық, картографиялық, топырақ, геоботаникалық және басқа тексеру мен іздестіру ісін жүргізу, жер иелену мен жер пайдалануды тіркеу, жерді есепке алу және оған баға беру, эрозия, шіріндінің жойылу, тұздану, қышқылдану, батпақтану, шектен

тыс дымқылдану, су басу, шөлге айналу, қауіпті заттармен ластану, шектен тыс нығыздалу және басқа табиғи және жердің сапалық жай-күйіндегі антропогендік келеңсіз өзгерістер процестерінің пайда болуын, сондай-ақ ауыл шаруашылығында пайдаланылған жерлерді олардың құнарлылығын сипаттайтын көрсеткіштер кешені бойынша өңдеу дәрежесінің қарқынын бақылаудың жердегі жылжымалы, стационарлық және аралық (аэрокосмостық) әдістер кешенін пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.

Жерлерді ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, кооперативтер мен азаматтардың тақырыптық картаға түсіруі және олардың жай-күйін бақылауы Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен әдістеме бойынша белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті:

мемлекеттік жер кадастры және жер мониторингі жүргізілуіне байланысты жер иеленуді, жер пайдалануды тіркеу, пайдаланылатын жерді картаға түсіру, топырақ, геоботаникалық, топографиялық-геодезиялық және басқа тексеру және іздестіру ісін жүргізу, жердің жай-күйін бақылау және басқа шаралар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен жер иеленуді және жер пайдалануды мемлекеттік тіркеу, жерге баға беру, топырақ (топырақ-агрохимиялық және топырақ-мелиоративтік тексеру мен іздестіруді қоса), геоботаникалық және басқа тексеру мен іздестіру ісін жүргізу, пайдалануға жарамды жерлерді картаға түсіру, жердің жай-күйін жедел бақылау, сондай-ақ мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізу үшін қажетті жоспарлы-картографиялық материалдар жасау жөніндегі әдістеме нұсқаулар мен нұсқамаларды әзірлеп бекітеді. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингінің жүргізілуіне байланысты мәселелер жөнінде өз құзыры шегінде шығарған әдістеме нұсқаулар мен нұсқамалар барлық министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, сондай-ақ азаматтар үшін міндетті болып табылады;

жер кадастры құрамына қамтылған жер ресурстарының болуы, жай-күйі және оларға баға беру туралы ұзақ мерзімді және жедел ақпаратқа сұраным мен қажеттікті жүйелі зерттеп отыруды жүзеге асырады, тұрақты түрде мемлекеттік жер кадастрын және жер кадастрын жетілдіруге, халық шаруашылық және табиғат қорғау қажеттерінен туындайтын жағдайларға сәйкес оларға деректер енгізуге шаралар қолданады;

жер туралы деректерді жүйелеуді, зерттеуді және сақтауды, сондай-ақ

жариялауға жататын мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингінің материалдарын шығаруды қамтамасыз етеді.

4. Жер-кадастр құжаттамасының нысандары:

кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың иеленуіне, пайдалануына берілген жердің хұқылық режимін, ауқымын, сапалық жай-күйі мен орналасқан алабын сипаттайтын құжаттар;

халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңестерінің қарамағындағы жердің мемлекеттік жер-кадастр кітабы;

ауданның, қаланың (республикалық бағыныстағы қалалардан басқа) мемлекеттік жер-кадастр кітабы;

облыстардың және республикалық бағыныстағы қалалардың мемлекеттік жер к а д а с т р ы ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастры.

Жер-кадастр құжаттамасына картографиялық, тексеру және әкімшілік-территориялық құрылымдардың шекарасы, жердің хұқылық жағдайы, олардың көлемі, сапалық жай-күйі, жер иелену, жер пайдалану, елді мекендер, әкімшілік аудандар, облыстар және тұтас республика бойынша халық шаруашылығы үшін құндылығы және өндірістік қабілеті туралы мәліметтері бар б а с қ а да м а т е р и а л д а р ж а т а д ы .

5. Кадастрлық деректерді анықтау және жаңарту мақсатында:

а) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары және шаруа қожалығын жүргізетін азаматтар, халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңестердің уәкілетті органдары, қалалардың (аудандық бағыныстағы қалалар) әкімдері тиісті аудандардың (қала) әкімдеріне осы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың иелігіндегі және пайдалануындағы, сондай-ақ халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңестердің қарамағындағы жерлердің құрамында болып жатқан өзгерістер туралы, қалалардың (аудандық бағыныстағы қалалар) әкімдері келесі есеп берген жылдан кейінгі жылдардың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша жыл сайын белгіленген нысанда есеп береді;

б) мемлекеттік жерге орналастыру органдары Қазақстан Республикасының облыстық, республикалық бағыныстағы аудандары, қалалары және облыстар бойынша бар жерлер, оның сапалық жай-күйі және пайдаланылуы туралы есеп берген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарыдағы жағдайы бойынша есеп әзірлеп, о н д а м ы н а л а р д ы қ а м т и д ы :

жыл сайын - ауыл шаруашылығына пайдалануында бар (оның ішінде жеке суармалы және құрғатылған жерлер) алаңдар және оларда болып жатқан өзгерістер, оларды түрлері бойынша, жер иеленушілерге және жер пайдаланушыларға бөлу туралы мәліметтер, сондай-ақ пайдаланылып және

тиімсіз пайдаланылып жүрген жерлерді алып қою және өткен жылы кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға ауыл шаруашылық емес мұқтаждары үшін бөлінген жерлер туралы мәліметтер;

5 жылда бір рет - берілген жерге төлем алу үшін қажет мәліметтер, қолда бар және жер туралы және оларды категориялары бойынша, пайдаланылатын жерлерге, жер иеленушілерге, жер пайдаланушыларға бөлу, пайдаланылып жүрген алаңдардағы болып жатқан өзгерістер, жерлердің сапалық жай-күйі, оларға кадастрлық баға беру және территорияның игерілуі туралы мәліметтер.

6. Осы Ереженің 5-тармағына сәйкес жасалған қолда бар жерлер, олардың сапалық жай-күйі мен пайдаланылуы туралы есептерді;

облыстық бағыныстағы аудан және қала бойынша - тиісті аудан, қала әкімдері қарап, бекітеді және есеп берген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей облыс әкіміне береді;

республикалық бағыныстағы облыс және қала бойынша - тиісті облыс, қала әкімі қарап, бекітеді және есеп берген жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне береді.

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті (облыстық және тұтас республика бойынша) қолда бар жерлер, олардың сапалық жай-күйі мен пайдаланылуы туралы жиынтық есепті есеп берген жылдан кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне, Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Статистика талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне береді.

7. Жер мониторингінің нәтижелері тексттік және графикалық материалдар түрінде ресімделеді және жыл сайын қолда бар жерлер, олардың сапалық жай-күйі мен пайдаланылуы туралы есепке енгізіледі.

8. Халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңесінің қарамағындағы жердің мемлекеттік жер-кадастр кітабындағы, ауданның, қаланың (республикалық бағыныстағы қалалардан басқа) мемлекеттік жер-кадастр кітабындағы мәліметтердің дұрыстығы үшін аталған жер-кадастр кітабын жүргізу жүктелген лауазымды адамдар, тиісті халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік Кеңестің төрағасы, аудан, қала (республикалық бағыныстағы қалалардан басқа) әкімдері жауап береді.